

"Технологиялық саясат жөніндегі кеңесті құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 қарашадағы № 1386 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 831 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 16 шілдедегі № 541 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 541 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Технологиялық саясат жөніндегі кеңесті құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 қарашадағы № 1386 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңының 4-бабының 14) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»; көрсетілген қаулыға қосымшада:

Технологиялық саясат жөніндегі кеңестің құрамына мыналар енгізілсін:

Ахметов - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Серік Нығметұлы бірінші орынбасары, төрағаның орынбасары

Қаппаров - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны Нұрлан Жамбылұлы қорғау министрі

Сағынтаев - Қазақстан Республикасының Экономикалық даму Бақытжан Әбдірұлы және сауда министрі

Шөкеев - «Самұрық-Қазына ұлттық әл-ауқат қоры»

Өмірзақ Естайұлы акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша);

мына:

«Исекешев - Қазақстан Республикасы Премьер Министрінің Әсет Өрентайұлы орынбасары – Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі, төрағаның орынбасары»

«Жұмағалиев - Қазақстан Республикасының Байланыс және Асқар Қуанышұлы ақпарат министрі»

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«Исекешев - Қазақстан Республикасының Индустрия және
Әсет Өрентайұлы жаңа технологиялар министрі»;

«Жұмағалиев - Қазақстан Республикасының Көлік және
Асқар Қуанышұлы коммуникация министрі»;

көрсетілген құрамнан: Нұрғали Сәдуақасұлы Әшім, Берік Сайлауұлы
Камалиев, Қайрат Нематұлы Келімбетов, Тимур Асқарұлы Құлыбаев
ш ы ғ а р ы л с ы н ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Технологиялық саясат жөніндегі кеңес
т у р а л ы е р е ж е д е :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «
Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан
Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңын, Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының өзге де
нормативтік құқықтық актілерін және осы Ережені басшылыққа алады»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Кеңестің негізгі міндеттері мен функциялары:

1) индустриялық-инновациялық қызмет саласындағы мемлекеттік саясаттың
негізгі бағыттарын айқындау;

2) салааралық ғылыми-технологиялық жоспарды және әзірлеуге ұсынылатын
нысаналы технологиялық бағдарламалар тізбесін бекіту және өзектілендіру,
сондай-ақ оларды мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру;

3) инновациялық қызметті ынталандыру;

4) инновациялық-технологиялық даму бағдарламаларын әзірлеу және іске
а с ы р у ;

5) индустриялық-инновациялық қызмет саласындағы заңнаманы жетілдіру
жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.»;

5 және 6-тармақтар алынып тасталсын;

8-тармақтағы «индустрия және инновациялар саласындағы уәкілетті
органның бірінші басшысы атынан орынбасары бар» деген сөздер алынып
т а с т а л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*